



# ЭКОНОМИКС

## Жиынтық сұраныс және жиынтық ұсыныс



**Дәрістің жоспары:**

1. Жиынтық сұраныс және оның құрауыштары.
2. Жиынтық ұсыныс: қысқа мерзім және ұзақ мерзім.
3. Экономикадағы тербелістер және олардың себептері.

**Жиынтық сұраныс және оның құрауыштары**

Біз бүгінгі дәрістің бірінші сұрағында жиынтық сұраныс ұғымын қарастырамыз. Ұлттық экономика деңгейінде қандай да бір елдің территориясында өндірілген жалпы ішкі өнімді бір жылдың ішінде сатып алатын және оны сататын іріленген экономикалық субъектілер жұмыс істейді. Осындай іріленген экономикалық субъектілерге үй шаруашылығы, фирмалар, мемлекет және сыртқы орта жатады. Олар жалпы ішкі өнімге қатысты жиынтық шығындарды және жиынтық табыстарды қамтамасыз етіп отырады. Бір жағынан, ол жиынтық сұраныс, ал екінші жағынан, ол жиынтық ұсыныс ретінде көрінеді. Енді осы ұғымдарға толығырақ тоқталамыз.

Жиынтық сұраныс – экономикалық субъектілердің бір жыл ішінде өндірілген жалпы ішкі өнімді сатып алуға жұмсайтын жиынтық шығындары. Жиынтық шығындардың көлемі елдегі баға деңгейіне тәуелді болып табылады және жиынтық сұраныс қисығы бағаның белгілі бір деңгейінде сатып алынатын жиынтық өнімнің көлемін көрсетеді. Баға деңгейі мен жиынтық өнім көлемі арасындағы кері тәуелділікті «Экономикс» оқулығының осы сұрақ бойынша көрсетілген сызбадан байқауға болады.

Жиынтық сұраныс көлемін негізінен төрт экономикалық субъект қамтамасыз және осыған сәйкес, жиынтық сұраныстың құрауыштары пайда болады:

$$Y = C + I + G + NX$$

Мұндағы,

Y – жиынтық сұраныс немесе жиынтық шығындар көлемі;

C – үй шаруашылықтарының тұтынушылық сұраныстары;

I – фирмалардың инвестициялық шығындары;

G – мемлекеттік шығындар;

NX – таза экспорт, яғни экспорт пен импорт құндарының айырмасы.

Жоғарыда атап өткеніміздей, жиынтық сұраныстың осындай теңдеумен анықталуын біз негізгі макроэкономикалық теңдестік деп атаймыз.

Жиынтық сұранысқа және оның көлеміне бағалық және бағалық емес факторлар әсер етеді. Ол факторлар қандай? Егер баға деңгейі өзгерсе, онда жиынтық сұраныс қисығының бойында өзгеріс орын алып жиынтық сұраныс көлемі өзгеріске ұшырайды.

Жиынтық сұранысқа бағалық емес факторлар әсер етсе, онда жиынтық сұраныстың өзі өзгереді де қисық оңға немесе солға жылжиды. Жиынтық сұраныстың бағалық емес факторларын төрт топқа бөлуге болады:

1. Тұтынушылық шығындардың өзгерісі, оларға үй шаруашылықтарының табысы, олардың әл-ауқаттылығы, болашақты күту, жеке табыс салығындағы өзгерістер, т.б. жатады.

2. Инвестициялық шығындардың өзгерісі, оларға пайыз мөлшерлемесі, әртүрлі жеңілдіктер, бизнес салықтары, т.б. жатады.

3. Мемлекеттің шығындардың өзгерісі, оған мемлекеттің белсенді экономикалық саясаты жатады.

4. Таза экспорттағы өзгерістер, оған валюта бағамының өзгеруі, сыртқы экономикалық жағдайлар жатады.

Сондай-ақ, жиынтық сұраныстың бағалық емес факторларына ақша ұсынысы және ақша айналымының жылдамдығы деген факторлар да жатады.

Жиынтық сұраныс туралы айтатынымыз осы. Енді келесі сұраққа көшейік.



## Жиынтық ұсыныс: қысқа мерзім және ұзақ мерзім

Бұл сұрақта жиынтық ұсыныс туралы сөз қозғаймыз. Бұл ұғым жиынтық сұраныс сияқты аса маңызды категория болып табылады. Сонымен, жиынтық ұсыныс дегеніміз не?

Жиынтық ұсыныс – бұл экономикада бағалардың әртүрлі деңгейінде өндірушілердің нарыққа ұсына алатын (немесе, өндірілуі тиіс) соңғы тауарлары мен қызметтерінің жалпы саны.

Жиынтық ұсыныс қисығы – бұл ұсыныс көлемінің елдегі бағалардың орташа деңгейіне тәуелділігін көрсететін графикалық көрініс. Жиынтық ұсыныс қисығының сипаттарын «Экономикс» оқулығының осы сұрақ бойынша көрсетілген сызбаларынан байқауға болады.

Жиынтық ұсыныс қисығының сипатына бағалық және бағалық емес факторлар әсер етеді. Біріншісі жиынтық ұсыныс көлемін өзгертеді (жиынтық ұсыныс қисығының бойымен жылжу), ал екіншісі (технологиядағы, ресурстар бағаларындағы, қолданылатын ресурстар көлеміндегі, фирмаларға салық салудағы, нарықтар құрылымындағы өзгерістер және т.б.) жиынтық ұсыныс қисығын оңға немесе солға өзгертеді.

Қандай да бір фактордың өзгеруінен жиынтық ұсыныс шамасының өзгерісі бірдей болмайды, себебі бұл жағдай уақыт факторына тәуелді, яғни жиынтық ұсыныстың уақыттың қай мерзімінде (қысқа және ұзақ мерзімдерде) қарастырылып отырғандығы маңызды болып табылады. Алдымен, жиынтық ұсыныстың ұзақ мерзімде қалай зерттелетінін көрейік.

Ұзақ мерзімді кезең – бұл экономикада толық жұмысбастылықтың орын алуын қолдай отырып, тауар бағаларының өзгерісіне ресурстар бағаларының бейімделе алуын сипаттайтын кезең.

Ұзақ мерзімдік жиынтық ұсыныс қисығы елдің өндірістік мүмкіндіктерін анықтайды және мынадай шарттарға негізделіп құрылады:

- өндіріс көлемі тек өндіріс факторларының санына және қолдағы бар технологияға байланысты анықталады, ал баға деңгейіне тәуелді емес;
- өндіріс факторларындағы және технологиялардағы өзгерістер өте баяу жүзеге асырылады;
- экономика өндіріс факторлары толық қамтылған жағдайда жұмыс істейді, және сәйкесінше, өндіріс көлемі өзінің потенциалды көлеміне тең болады;
- бағалар мен атаулы жалақы икемді, олардың өзгерістері нарықтардағы тепе-теңдікті ұстап тұрады.

Ұзақ мерзімдегі жиынтық ұсыныс қисығы тік сызық түрінде болады. Ол өндіріс көлемінің табиғи (потенциалды) деңгейін сипаттайды («Экономикс» оқулығын қарауды ұсынамыз), яғни жұмыссыздық деңгейі өзінің табиғи деңгейінде болатын, ал өндіріс көлемі ресурстар толық қамтылған жағдайда қарастырылады. Жиынтық сұраныстың өзгерістері бағалар деңгейін өзгертеді («Экономикс» оқулығын қарауды ұсынамыз).

Ұзақ мерзімде жиынтық ұсыныс қисығындағы өзгерістер өндіріс факторлары мен технологияларды өзгерту кезінде орын алуы мүмкін.

Ұзақ мерзімдегі жиынтық ұсыныс қисығының жағдайы классикалық макроэкономикалық теорияға сәйкес келеді және жоғарыда атап өткеніміздей, өндірістің нақты деңгейі өндірістің табиғи (потенциалды) деңгейіне тең болады.

Өндірістің табиғи деңгейі – қолда бар барлық өндірістік ресурстардың (еңбек, капитал, жер, технология, т.б.) толық пайдаланылуы және жұмыссыздықтың табиғи деңгейі кезіндегі экономикадағы қол жеткізілуі тиіс өндіріс көлемі.

Ұзақ мерзімде жиынтық сұраныс қандай да бір фактордың өзгерісінен өзгергенде классикалық дихотомия және ақшаның бейтараптылығы принциптеріне негізделе отырып, тік сызықты сипаттайтын жиынтық ұсыныс қисығының бойында атаулы айнымалыларды (баға деңгейі, еңбекақы мен пайыз мөлшерлемесі) өзгеріске ұшырайды және нақты айнымалылар (өндірістің нақты деңгейі, жұмыспен қамту деңгейі) өзгермейді.

Ендігі кезекте қысқа мерзімді кезеңнің ерекшеліктерін талдаймыз.

Қысқа мерзімді кезеңде мұндай үлгі қолданылмайды.



Кейнстік үлгі экономиканы қысқа мерзімді кезеңде қарастырады және ол келесі алғы-шарттарға негізделеді:

- экономика өндіріс факторларының толық қамтылмаған жағдайында жұмыс істейді;
- тауар бағалары, атаулы жалақы және басқа да атаулы шамалар тұрақты, яғни икемсіз, оларға нақты өзгерістер өте баяу әсер етеді;
- нақты шамалар (өнім көлемі, нақты жалақы, жұмысбастылық) нарықтық өзгерістерге өте сезімтал болып келеді.

Қысқа мерзімде жиынтық ұсыныс қисығы көлденең немесе оң көлбеулі сызық түрінде болады («Экономикс» оқулығын қарауды ұсынамыз).

Сонымен, қысқа мерзімде жиынтық ұсыныс қисығының бойымен жиынтық сұраныс қандай да бір фактордың әсерінен өзгеріске ұшырағанда өндірістің нақты деңгейі өндірістің табиғи деңгейіне сәйкес келмейді. Мұнда жиынтық сұраныс өзгергенде (жиынтық ұсыныс қисығы көлденең болғанда) атаулы айнымалылар (баға деңгейі, еңбекақы мен пайыз мөлшерлемесі) өзгермейді және нақты айнымалылар (өндірістің нақты деңгейі және жұмыспен қамту деңгейі) өзгереді. Бұл төтенше кейнстік жағдай деп аталады.

Алайда уақыт өте келе қалыпты кейнстік жағдай қалыптасады жиынтық ұсыныс қисығы оң көлбеулі бола бастайды. Мұнда жиынтық ұсыныс қисығының бойымен жиынтық сұраныс қандай да бір фактордың әсерінен жылжығанда атаулы айнымалылар да (баға деңгейі, еңбекақы мен пайыз мөлшерлемесі), нақты айнымалылар да (өндірістің нақты деңгейі және жұмыспен қамту деңгейі) өзгереді. Жиынтық ұсыныстың оң көлбеулі қисығын басқаша аралық қисық деп те атайды. Жиынтық ұсынысқа бағадан тыс факторлар да әсер етеді:

- шикізат бағаларының өзгерісі;
- салықтар мен дотациялар;
- технологиялық өзгерістер;
- ауа-райы жағдайлары;
- басқа да факторлар.

Осындай факторлардың әсерінен AS қисығы оңға немесе солға жылжиды. Мысалы, технологиядағы оң өзгерістер AS қисығын оңға жылжытады, керісінше, өндірістің технологиялық жағынан артта қалуы AS қисығын солға жылжытады. Сонымен қатар, AS қисығы жұмыс күшіне, капитал мен жерге деген бағалардың өзгеруіне байланысты да оңға немесе солға жылжиды.

Келесі сұрақта біз сұраныс пен ұсыныс тарапынан болатын тербелістер мәселесін қарастырамыз.

## Экономикадағы тербелістер және олардың себептері

Бұл сұрақта экономикалық тербелістер мәселесі қарастырылады. Экономикада қандай да бір фактордың әсерінен жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың күрт өзгеруін тербелістер деп атайды. Осы тербелістер өндіріс көлемі мен жұмысбастылықты әлеуетті деңгейден ауытқытады. Сұраныс тербелістері ақша ұсынысының немесе ақша айналымы жылдамдығының күрт өзгеруі, инвестициялық сұраныстың күрт өзгеруі және басқа да факторлардың салдарынан туындауы мүмкін. Ұсыныс тербелістері ресурстарға бағалардың (бағалық сілкіністер, мысалы, мұнайға бағаның тым өсуімен байланысты шок) күрт өсуімен, табиғат апаттарына, кәсіподақтар белсенділігінің күшеюіне, заңдылықтағы өзгерістерге және де қоршаған ортаны қорғау бойынша шығындардың маңызды түрде артуына байланысты, сонымен қатар, басқа да факторлардың салдарынан орын алуы мүмкін. Ұсыныс сілкіністерін осыған байланысты бағалық сілкіністер деп те атайды.

Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс моделінің көмегімен осындай сілкіністердің экономикаға әсерін бағалауға болады, сондай-ақ, осы сілкіністер арқылы туындаған ауытқуларды жұмсартуға, өндірістің тепе-теңдік көлемін қалпына келтіруге мен жұмысбастылықты қалыпты деңгейіне жеткізуге бағытталған мемлекеттің тұрақтандыру саясатын қарастыруға болады.



Сонымен, мемлекеттің экономикалық тұрақтандыру саясаты мынадай белгілі дилеммаға тап болады: ұзақ мерзімдік құлдырау мен жұмыссыздықты болдыру немесе өндіріс көлемі мен жұмысбастылық деңгейін қалпынша ұстап тұрып бағалардың өсуіне жол беру.

## Түйін

1. Жиынтық сұраныс – макроэкономикалық субъектілердің белгілі бір уақыт кезеңінде (әдетте, 1 жыл ішінде) өндірілген соңғы тауарлар мен қызметтерге деген жиынтық шығындары. Ол белгілі бір уақытта сол макроэкономикалық субъектілер тарапынан өз сұраныстарын тапқан жиынтық шығарылым көлемінің экономикадағы бағаның жалпы деңгейімен өзара байланысын сипаттайды.

2. Жиынтық сұраныстың негізгі құрауыштары болып үй шаруашылықтарының тұтыну сұраныстары, фирмалардың инвестициялық сұраныстары, мемлекеттік шығындар мен таза экспорт табылады.

3. Жиынтық сұраныстың бағалық факторларына және оның қисығының теріс көлбеулігіне әсер факторлар Кейнс әсерімен, Пигу әсерімен және импорттық сатып алымдар әсерімен түсіндіріледі. Жиынтық сұраныстың бағалық емес факторларына оның құрауыштарындағы кез келген өзгерістер, сонымен қатар, ақша ұсынысы мен ақша айналымының жылдамдығы жатады.

4. Жиынтық ұсыныс классикалық ұзақ мерзімде және кейнстік қысқа мерзімде қарастырылады. Қысқа мерзімде жиынтық ұсыныстың өзгерісі бағалардың өзгермеуіне және өндіріс көлемінің өзгеруіне алып келеді. Ұзақ мерзімде жиынтық ұсыныстың өзгерісі бағалардың өзгеруіне және өндіріс көлемінің өзгермеуіне алып келеді.

5. Жиынтық сұраныстың бағалық емес факторлардың (ақша ұсынысының төмендеуі, мемлекеттік шығындардың қысқаруы, салықтардың көтерілуі) әсерінен қысқаруы салдарынан өнім көлемінің қысқаруы мен баға деңгейінің тұрақтылығын көрсететін механизмді «тегеріш» (храповик) әсері деп атайды.

6. Экономикада қандай да бір фактордың әсерінен жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың күрт өзгеруін сілкіністер (шок) деп атайды. Сұраныс сілкіністері ақша ұсынысының немесе ақша айналымы жылдамдығының күрт өзгеруі, инвестициялық сұраныстың күрт өзгеруі және басқа да факторлардың салдарынан туындауы мүмкін. Ұсыныс сілкіністері ресурстарға бағалардың (бағалық сілкіністер, мысалы, мұнайға бағаның тым өсуімен байланысты шок) күрт өсуімен, табиғат апаттарына, кәсіподақтар белсенділігінің күшеюіне, заңдылықтағы өзгерістерге және де қоршаған ортаны қорғау бойынша шығындардың маңызды түрде артуына байланысты, сонымен қатар, басқа да факторлардың салдарынан орын алуы мүмкін.

7. Тербелістер арқылы туындаған ауытқуларды жұмсартуға, өндірістің тепе-теңдік көлемін қалпына келтіруге мен жұмысбастылықты қалыпты деңгейіне жеткізуге бағытталған іс-шараларды мемлекеттің тұрақтандыру саясаты деп атайды.

## Шолу сұрақтары:

1. Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс моделін талдаудың маңызы неде?
2. Жиынтық сұраныстың құрауыштары қандай?
3. Жиынтық ұсыныс қандай теориялар тұрғысынан қарастырылады?
4. Қысқа мерзімнің болжамдары қандай?
5. Ұзақ мерзімнің болжамдары қандай?
6. Экономикалық тербелістердің себептері қандай?
7. Тербелістерді реттеуде мемлекет қандай саясат жүргізеді?



### Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Макроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық / ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Алматы, Print-S, 2012. – 460 б. 3-тақырып.
2. Мамыров Н.Қ., Тілеужанова М.Ә. Макроэкономика: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2003. 4-тарау.
3. Макроэкономика: Учебник / Под общ. ред. А.А. Абишева, К.А. Хубиева. – Алматы: «Экономика», 2009. Раздел 1, глава 3.
4. Вечканов Г.С., Вечканова Г.Р. Макроэкономика. 4-е изд. – СПб.: Питер, 2011. Глава 3.
5. Агапова Т.А., Серегина С.Ф. Макроэкономика: Учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. А.Ф. Сидоровича; МГУ им. М.В. Ломоносова. – 10-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2013. Глава 4.
6. Курс экономической теории: Учебник – 7-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М.Н. и Киселевой Е.А. – Киров: «АСА», 2017. (Раздел 3: Макроэкономика). Глава 18.
7. Ивашковский С.Н. Макроэкономика: Учебник. 2-изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 1.
8. Н. Грегори Мэнкью. Принципы макроэкономики. 4-е изд. / Пер. с англ. – СПб.: Питер, 2012. – 544 с.